



ТАРИХ, ЭТНОГРАФИЯ

Байқадамов Н.С.

**ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӘДЕТТІК
ЗАҢЫ МЕН ШАРИҒАТ:
ҚАЙШЫЛЫҚТАР МЕН
ҮНДЕСТІК**

*В этой статье рассматривается
влияние мусульманского права на
обычное право казахов.*

*In this article influence of the
Muslim right on a common law
of Kazakhs is considered.*

Арабтар Орта Азия мен Қазақстан аумағына Әбду Мәлік ибн Маруан тұсында келе бастайды. Бұл кезеңде Орта Азияға қоныстанған түркі тайпалары өзара қырқысудан күйзелгендіктен арабтарға көп қарсылық көрсете алмайды. Алғашында Қарахан мемлекеті ислам дінін қабылдап, Қазақстан аумағында тіршілік еткен тайпалық құрылымдарға ислам діні ҮІІ ғасырдан уағыздала бастады. Ислам дінін уағыздаушылар оның қағидаларын түрік-қазақ халқының ежелгі дәстүріне қарсы қоймай онымен үйлестіре ұстауды негізгі бағыт етіп алады. Қазақ даласындағы салт-дәстүрлер де ислам дінімен үйлестіріле бастады. Мысалы, дала салтындағы ата-баба аруақтарына сыйыну. Ата-бабаларымыз аруақтарды ертеден бастап тірілер мен өлілер арасындағы байланыстырғыш күш ретінде бағалайды. Түсінде аруақтарды көрсе, құран оқытады, мал шалады, т.б. Дала дәстүріндегі аруаққа сыйынуды (ата-бабаның аруағы қолдасын, ұрысқа түскенде ата-баба аруағын ұранға айналдыру) ислам шеттетпей, қайта оған діни сипат бере бастады. Соның нәтижесінде аруақ Алламен арадағы байланыстығыш күшке айналды. Ал кейбір шаманизмнің тұрпайы жақтары (өлгенде тұрмыс заттарын, тағамдармен бірге жерлеу) өмірден шеттетіле берді. Сонымен ұлы даланың қоғамдық қатынастырының реттелуіне мұсылмандық құқық ережелері қазақ әдет-ғұрып құқымен бірге ат салыса бастады.

Мұсылмандық құқықтың қайнар көздеріне Құран мен Сунна (Мұхаммед пайғамбардың өсиеттері, шешімдерімен жасалған құқықтық іс-әрекеттері жайлы хадистер) және Ижма (бір дауды кеңесе отырып шешім шығару), Қияс (атақты шариғат заңының білгірлерінің бұрын қолданылған шешімдерін салыстыру арқылы Құран хадистері негізінде шешім қабылдау, прецедент жасау) және әдет кіреді. Заң ғылымдарының докторлары, профессорлар Сәкен Өзбекұлы мен Өмірәлі Қопабаев бұлардың қатарына Тәфсирді, яғни Құранды оқу барысында оны мазмұнына, аяттарына берілген доктриналық түсініктемелер жиынтығын қосады [2]. Сонымен қатар олар мұсылман құқығының төмендегідей ерекшелігін ашып берді: а) құқықты жасаушы – жаратушы болып табылады, оны қабылдау, орындау бәріне міндетті. Құқық бұзушылыққа бару – Алла алдында кешірілмейтін күнә; ә)



мұсылман құқығының шариғат заңдары құқықты жариялылық және жеке деп бөліп қарамайды, реттеу жүйесі біртұтастық мағына ретінде танылады; б) адам құқықтарында Алла алдында міндеттіліктің басымдылық танытуы тиым салынған әрекеттерді бұлжытпай орындау; в) мұсылман құқығы дін, өмір, сана, ар-ождан және тұқым жалғастыру, меншік сияқты 5 құндылықтарды қорғауға бағытталған [3].

О бастан-ақ араб дін таратушылары ұлы дала тұрмыс-тіршілігімен араласа келе олардың әдет-ғұрып құқықтары исламның жолына қарама-қайшы келмейтінін түсінсе, қазақ тайпалары да ислам дінінің қазақ қоғамының дамуына дұрыс әсер ететін жақтарын тез қабылдап, екі ағым үйлесімді қатар өмір сүру жолына түседі. Жалпы алғанда зерттеуші ғалымдар қазақ даласына шариғат заңдарының енуін бірнеше кезеңге бөледі: бірінші – IX-X ғғ. Исламның ене бастау кезеңі; екінші – XI-XII ғғ. Исламның таралу кезеңі; үшінші – XII-XIV ғғ. Исламның орнығу кезеңі. Осындай қоғамдық өзгерістер ұлы даладағы үкім-кесім шығару ісіне, яғни сот билігіне тікелей қатысты екендігі айдан анық.

XV-XVI ғасырларға дейін қазақ даласына шариғат қағидалары еркін кіре алған жоқ. Көшпелі мәдениетте өмір сүріп жатқан дала қоғамы Бұқардың ишан қазыларының уағызына бірден бас қойған жоқ. Шариғатты ендіремін деген хандарға халық үнемі қарсылық білдіріп отырды. Осындай жағдайда заң қабылдаған хандар, оның ішінде Қасым хан ел басқару жарғыларын әскери-демократиялық құрылымға негіздеді. Қанша дегенмен қазақ хандары өздерінің қабылдаған заңдарына қоғамға етене араласа бастаған діни идеология ықпалынан таза тұра алмады. Мысалы, бұрын ру, тайпа басшылары ханды сайлаған болса, енді мемлекетте абсолюттік билікке негізделген Азия мемлекеттерінің билік жүйесінің белгілері қалыптасып, билік бір адамның қолына жинақтала бастады.

Сонымен қатар, ислам дініне сүйенетін заңгерлер де өз кезегінде қазақтың әдет-ғұрып заңдарын игеріп, санаса бастады. Бұған қазақтың әдеттік заңдарының шариғат заңының қайнар көздеріне қайшы келмей, өзара үйлесімділік табуы да мүмкіндік жасады. Мұсылмандық, яғни қазылар соты да қазақтардың билер соты секілді алдын-ала даярланбай ашық, халық алдында жүргізілді. Билердің сот прецедентін пайдалану әдісі шариғат заңында да көрініс тапқан. Шариғат заңы бойынша қазыларға кейбір жазаны өздері белгілеуге рұқсат етіледі. Мұндай өз білгенімен жазалауды – тазир (үкім шығарушылық), - дейді [4]. Бұл дәстүр, яғни өз дегенімен үкім шығару тәсілі қазақ билері арасында кең тараған. Соттық функцияны атқарған бидің өз пікірін білдіруінде және іс-әрекеттерінде еркіндік көп болды. Бірақ оны халық жіті бақылап отырды [5]. Демократиялық дала заңында өлім жазасы түрмелерге қамауға, денеге зақым келтіру сияқты жазалар болған жоқ. Барлық даулар және ең күрделі қақтығыстар азаматтық-құқықтық сипатқа ие болды және олар үшін мүлктік, мүлктік емес, ұялтатын, масқаралайтын, бітімгершілік және өзге де жазалау нысандары қолданылды [6]. Шариғат заңы бойынша денеге зақым келтіру жазасы кең қолданылған, 10 дирхамнан көп ұрлаған ұрылардың қолдары кесілген. Ұрының еркек не әйел екеніне қарамастан қолдары кесіледі. Қол немесе аяғы шабылған алдында темір қыздырылып дайындалған, өйткені, Мұхаммед: «Егер қол не аяғын шапқаннан соң оның орнын күйдірмесе, қан көп кетіп, жазалы қылмыскер өліп кетуі мүмкін, ал біздің мақсат өлтіру емес, қылмысы үшін жазалау», -депті [7].

Қанша дегенмен мұсылман діні кең тараған отырықшы мәдениеттің тәртіптері мен заңдары көшпелі қазақ қоғамының тәртіптерін түбегейлі өзгерте алмады, керісінше, мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан ұрпақ сабақтастығы арқылы жалғасын тауып келе жатқан билер сотының тәртіптеріне сіңісті, оның дамуына қызмет етті. Билер соты жаттан емес жақыннан жау тапқызатын қатал жазадан гөрі оның түп мақсаты дауласушы жақтарды татуластыру болды. Көшпелілердегі сот билігінің рухани өмір саласымен тығыз байланыстылығын көрсететін тағы бір тұсы – сот процесіне қатысушылардың одан «жеңіп» немесе «жеңіліп» емес, керісінше «жеңілдеп» шығатындығы. Біз әрдайым сот саласының осы астарын естен шығармауымыз керек, яғни оның «рухани ақтау», «рухани жеңіске жеткізу» функциясына әлі де назар аударғанымыз дұрыс [8].

Қазақ даласындағы табиғи заңдар жүйесіне шариғат заңдары араласқанымен негізінен дала заңдарының қағидасы алда тұрды. Мысалы, неке саласындағы «жеті атаға дейін қыз алыспау» принципі сақталып, тек некелесудің белгілері нақтыланды. Шариғат заңы бойынша әйелді ер аламын қалап, жақсы көруі, ал әйелдің ол ұсыныспен келісуі қажет. Әрі ер адам «мен сені қаладым», - десе, әйел адам «саған жар болуға келісім беремін», - дегеніне екі адам куәлік етуі керек. Екінші маңызды бір шарты - некеге отырушылардың міндетті түрде кәмелетке толған, ақыл-есі бүтін болуы, сонымен қатар екі жақтың туыс болмауы керек. Ислам көп әйел алуға қарсы емес, егер бәріне бірдей жағдай жасап, асырай алатын болса, төрт әйелге дейін үйленуге рұқсат етеді. Сол секілді қазақ әдет-ғұрып



заңындағы некенін бұзылу тәртібі де шариғат заңы бойынша реттеле бастады. Некенін бұзылуына мынадай жағдайларда рұқсат берілді: 1) еріксіз зорлықпен үйленсе; 2) бұрынғы күйеуінен ажыраспай, басқа біреуге тұрмысқа шықса; 3) жесір «изда» (4 ай 10 күн) мерзімі бітпей тұрмыс құрса, қазақтарда бұл көбіне жылын бергенше күтеді; 4) 4 әйелдің үстінен алса; 5) қамқоршыларының келісімі болмаса; 6) жақын туыстарына үйленсе; 7) жүкті әйелге үйленсе.

Ислам дінінің енуіне байланысты шариғат заңының негізінде қазақ қыздарына діні басқаға өз еркімен тұрмысқа шығуына рұқсат етілмеген. Шындығында шариғат заңында мұсылман ер адамдарға «аһлу китаб», яғни кітап түсірілген діндердің өкілдеріне үйленуге рұқсат беріледі.

Осындай өзгерістер негізінде билер де сот процесі кезінде дала мен шариғат заңдарын үйлестіріп, әділ шешімдер шығаруды басты ұстаным еткен.

Әдебиеттер:

1. Өсерұлы Н. Қазақтың үкім-кесімдері. - Алматы: Ана тілі, 1994. – 44-б.
2. Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. - Алматы: Жеті жарғы, 2006. - 99-б.
3. Бұл да сонда. 98-99-бб.
4. Өсерұлы Н. Қазақтың үкім-кесімдері. - Алматы: Ана тілі, 1994. – 68-б.
5. Зиманов С. Қазақтың билер соты-бірегей сот жүйесі. - Алматы: Атамұра, 2008. – 18-б.
6. Бұл да сонда. – 19-б.
7. Өсерұлы Н. Қазақтың үкім-кесімдері. - 1994. – 70-б
8. Кенжалиев З. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сот билігі. Қазақтың ата заңдары. II том. – 286-б.